



№41 (8193)
16 қазан
БЕЙСЕНБІ,
2025 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol
ken_jyloi_gazeti

* Ұлттық спорт



ДАЛА ТӨСІНДЕ ЖАҢҒЫРҒАН ДӘСТҮР

Жылыойда дәстүрлі садақ атудан республикалық ашық турнир өтті. Дүбірлі додаға еліміздің 9 облысынан, 3 республикалық маңызы бар қала, сондай-ақ Башқұртстан мен Өзбекстаннан келген 100-ден астам мерген жиналып, қазақ дәстүрінің терең мәнін паш етті. Ауқымды жарыс аудандық әкімдіктің қолдауымен және мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі, «Batu Han zhebesi» федерациясы, Жылыой садақ ату клубының ұйымдастыруымен алғаш рет өткізілді. Шараның ашылу салтанатына қатысқан аудан әкімі Жұмабек Қаражанов барлық қатысушыларға сәттілік тілеп, турнирдің маңыздылығын атап өтті.

8-БЕТ

* «Таза Қазақстан»

Жасыл қала – жарқын болашақ

Өңірде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кең көлемді көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары өтті. Табиғатты қорғауға бағытталған игі шара барысында қала аумағына 200-ге жуық ағаш көшеті отырғызылды.

Акцияға мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, білім беру ұйымдарының ұжымдары мен қала тұрғындары белсене қатысып, туған өлкенің ажарын арттыруға өз үлестерін қосты. Қатысушылар бірлесе еңбек етіп, қала көшелерінің бойына сән беретін тал-теректер мен бұталарды отырғызды. Қалалық әкімдік аппаратының бас маманы Азизхан Демесіновтің айтуынша, көгалдандыру шарасы – қала экологиясын жақсарту мен тұрғындардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру бағытындағы жүйелі жұмыстардың жалғасы. Ол бұл жөнінде:

- Ауданымызда жасыл желектің

көп болуы ерекше маңызды. Биыл көктем мен күз мезгілінде жалпы 200-ге жуық көшет отырғыздық. Бұл жұмыстар мұнымен шектелмейді. Алдағы уақытта да қала көшелерін көгалдандыру жалғасын табады. Тұрғындармен бірлесе еңбек ету – біздің басты мақсатымыз. Бұл ретте қала тұрғындарын осындай игі іс-шараларда бірігуге шақырамын, – дейді ойын білдіріп.

Иә, шараның басты мақсаты – қаланың экологиялық ахуалын жақсарту, тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру және жайлы экологиялық орта қалыптастыру. Қалалық әкімдік өкілдерінің айтуынша,

егілген көшеттердің түріне ерекше мән берілген. Көпжылдық ағаштар мен климатқа бейімделген жасыл желектер тандалып, оларды күтіп-баптау ісі тұрақты бақылауда болады. Қаланың бірқатар көшелерінде және қоғамдық орындарында жүргізілген абаттандыру жұмыстары да тұрғындардың көңілінен шықты. Көпшілік мұндай экологиялық акциялар қаланың келбетін жақсартып қана қоймай, ұжымдық жауапкершілік пен табиғатқа деген құрметті арттыратынын айтады.

Айта кету керек, «Таза Қазақстан» акциясы аудан орталығы Құлсары қаласынан бөлек, шалғай ауылдар мен Жана Қаратон кентінде де ұйымдастырылып жатыр. Алдағы уақытта бұл бастама өз жалғасын тауып, жыл соңына дейін тағы да қосымша көшеттер отырғызу жоспарланып отыр.

Д.ДЕРБЫС

* Жасанды интеллект

«ПЕДАГОГТЕР ФЕСТИВАЛІ:

Білім берудегі жаңа мүмкіндіктер»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы цифрлық жаңғыру пікірі ел азаматтарының көңілінен шығып, әсіресе, ұлағатты ұстаздарды елең еткізбей қоймады. Ол бұл туралы «Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс артып келеді. Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет. Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады» деп нақты ойын да жеткізді.

3-БЕТ



Бүгінгі санда:

Ислам және отбасы құндылығы



4-БЕТ

* Баспасөз - 2026

Кен Жылой

ГАЗЕТИНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

KAZPOST



ИНДЕКС:
65583

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН: 1 ЖЫЛҒА - 8559, 20 ТҒ.

6 АЙҒА - 4279,60 ТҒ.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН: 1 ЖЫЛҒА - 4769, 44 ТҒ.

6 АЙҒА - 2384, 72 ТҒ.